

Жанысбаева Ақниеттің «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары («Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Посткеңестік Қазақстанның ең өткір және өзекті мәселелерінің бірі нарықтық қатынасқа өту, нақтырақ айтқанда осы процестің жүзеге асырылуы болатын. Кеңес Одағы құлағаннан кейін бірқатар республикалар мен облыстар өзінің «түп тамырына» оралып, өзіндік құндылықтар мен басымдылық жүйелерін қалыптастыра бастады. Бұл ретте облыс пен аудан орталықтары, оның жан-жағындағы аймақтарымен қарым-қатынасы, басқа аймақтардың бір-бірімен байланыс орнатуы, қазақстандықтардың азаматтық идентификациялануын айтпағанның өзінде, мемлекеттің біртұтастығын ғана емес, сонымен қатар бірыңғай саяси ұлттың қалыптасуын да бірізді етеді. Сондықтан да аймақтық БАҚ-тың қызметі мен дамуының сараптамасы, БАҚ-тың аймақтық жүйелерінің өзгешелігі өте өзекті мәселе болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның әрбір жекелеген аймақтарында нарықтық жағдай айтарлықтай деңгейде аймақтардағы мемлекеттік, экономикалық элитаның шешіміне байланысты қалыптасып, рухани мәдениетті дәл осы БАҚ-тың көмегімен қалыптасты деуге болады. Билік пен халық арасындағы саяси диалогты ұйымдастыруда бұқаралық ақпарат құралдарына толықтай және аймақтық баспасөзге жекелеген түрде үлкен жауапкершіліктер артылады.

Еліміздегі саяси болмыстардың өзгеруіне байланысты БАҚ-тың жалпы қоғам мен саяси өмірдегі рөліне қатысты мәселе жаңа реңге ие болды. Осыған байланысты әртүрлі саяси және мемлекеттік басымдылықтарға ие аймақтардағы билік тармақтары, жалпы билік пен баспасөз арасындағы қарым-қатынас ерекше қызығушылық туғызуда. Мәселені сараптау мақсатында біз Қазақстан Республикасындағы бес аймақтың медиа алаңын таңдап алдық. Олар: Оңтүстік Қазақстан (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облысы), Солтүстік Қазақстан облысы (Қостанай, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары), Батыс Қазақстан құрамына (Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары), Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы), Шығыс Қазақстан облысы (ірі қалалары Өскемен, Семей).

Бұл аймақтар кездейсоқ таңдалынып алынған жоқ. Біздің аймақтық БАҚ-тың даму жолдарын, сонымен қатар олардың аймақтық билік өкілдерімен өзара қарым-қатынасы қалай жүзеге асқанын және асатындығын анықтауға тырыстық. Одан бөлек, зерттелініп отырған аймақтар бір-бірінен саяси құрылымы жағынан да ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: Диссертациялық зерттеудің мақсаты аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, оның ішінде аймақтық баспасөздің даму ерекшеліктеріне, өзекті мәселелеріне және қазір

болып жатқан саяси үрдістердің қазақ аудиториясына әсеріне сараптама жасау болып табылады.

Зерттеудің нысаны: Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде өңірлік мерзімді баспасөздің қызмет ету ерекшеліктері. Әрбір зерттелініп отырған аймақтардың 1991 жылдан кейінгі БАҚ пен билік құрылымдарының өзара қарым-қатынасы, БАҚ-тың даму қарқындылығы. Елдегі әлі күнге дейін аяқталмаған аймақтандыру процесіне байланысты жоғарыда көрсетілген мәселенің өзектілігі артып отыр. Әр аймақтағы медиа алаңының сипаттамасы аймақта жүріп жатқан үдерістер мен әрбір өңірдің демократиялық деңгейі жайында ақпарат береді.

Диссертацияда аймақтық БАҚ-тың жүйелерін зерттеу, аймақтық БАҚ-тың проблемалары мен ерекшеліктеріне талдау жасалады. Қазақстанның аймақтық БАҚ мысалында аймақтық басылымдардың типологиялық, тақырыптық, жанрлық, тілдік-стильдік ерекшеліктерін бағалау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Ұсынылып отырған жұмыстың ғылыми жаңалығы төмендегідей:

– елдің посткеңестік даму кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы аймақтық БАҚ-тың қызмет ету үрдістеріне кешенді салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Сонымен бірге, аймақтық баспасөзге заманауи тұрғыдағы түрлі негіздер бойынша жіктеу жасалды;

– қазіргі саяси үрдістердегі БАҚ-тың атқаратын рөліне ерекше назар аударылды. Бұл жұмысымызда біз бастапқы реформалар кезеңіне тән баспасөздің азаматтық қоғам институтына айналуы туралы ойдан арылуға тырыстық. Бүгінгі таңда аймақтардағы билік пен қоғам арасындағы өзара қатынастың ерекшелігі көбінде ірі өндірістік корпорациялардың мақсаты мен жергілікті биліктің басқару стратегиясына негізделген;

– алғаш рет аймақтар мен өңірлерде БАҚ-тың қызмет етуіндегі этникалық ерекшеліктерді зерттеуге талпыныс жасалды;

– ақпараттық кеңістікті цифрлық технологиясыз елестету мүмкін емес және бұл мүмкіндікті аймақтық БАҚ өз тәжірибесінде пайдалануға мүдделі екені сараланды;

– Қазақстанның аймақтық БАҚ-тары зияткерлік ұлтты дамытуда да өзіндік маңызды рөлін атқарып отырғаны нақты мысалдармен сарапталды;

– аймақтық БАҚ-тың коммуникациялық стратегиялары мен саяси құбылыстар арасындағы өзара байланыстың шарттары мен нәтижелерін анықтадық. Осының негізінде аймақтық БАҚ-тың саяси байланыс арнасы ретінде бағалануы сол аймақтың географиялық және экономикалық жағдайына тікелей байланысты екендігі дәлелденді.

Зерттеудің міндеттері: Диссертацияда негізгі міндеттерді орындау үшін табиғаты күрделі бірқатар мәселелерді шешу қажет болды, өйткені олар аймақтық журналистика проблемаларына, жалпы аймақтық ресурстарға, атап айтқанда:

– аймақтық журналистиканың қазіргі БАҚ жүйесіндегі орнын анықтау;

– аймақтық басылымдардың ерекшеліктері мен басты артықшылықтарын талдау;

– аймақтық медиа мазмұнының нақты мазмұнын анықтау, материалдардың жанрлық ерекшеліктерін зерттеу;

– автор мен оқырман қарым-қатынастарының өзгеруін зерттеу, журналист пен оқырманның өзара байланысты талдау материалындағы жаңа рөлдерін қарастыру;

– аймақтық және қазіргі журналистиканың ерекшеліктерін қарастыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау, олардың пайда болу себебін талдау негізгі міндеттер қатарына жатады.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемаларын көтеру деңгейінің жоғары екені, қоғамдық ортаны ақпаратпен толық қамтамасыз етуге күш жұмсап отырғаны, аудиторияға озық идеялар мен қазақ ұлтының дамуына елеулі үлес қосып отырғаны, «Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде талданып, аймақтық басылымдарда жазылып, насихатталып жүрген рухани құндылықтарымыздың елге қызмет етуіне септігін тигізетіні жетекші идея ретінде ұсынылды.

Зерттеудің теориялық, әдіснамалық негіздері: Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары. Оның ішінде «Оңтүстік Қазақстан» газеті жайында жарық көрген ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, монографиялар, тарих, журналистика, публицистика саласындағы іргелі еңбектер, көптомдықтар, интернет желісіндегі ғылыми-сараптамалық, танымдық материалдар, сұхбаттар, елдегі және шетелдегі мұрағат құжаттары және нормативтік құжаттар құрайды. Зерттеу жұмысының негізіне автордың зерттеу материалдары мен жүргізген тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері пайдаланылып, назарға алынды.

Зерттеудің әдістері:

1. Зерттеп отырған тақырыпқа байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, сараптама жүргізу.

2. Қазақстанда шығатын аймақтық басылымдардың библиографиясын жасай отырып, облыстық, аудандық, қалалық, т.б. басылымдардың форматы мен ерекшеліктерін салыстырып, жіктеу.

3. Эмпирикалық әдіс арқылы респонденттермен сұхбат жүргізу арқылы аймақтық басылымдардың оқылу, таралу деректері анықтау.

4. Әлеуметтік сауалнамалар негізінде аймақтық БАҚ-тардың даму деңгейі, оқырмандар арасындағы танымалдылығын айқындау.

5. Респонденттердің әрбір жас тобына арналған аймақтық басылымдар танымалдылығы, тақырыптар мен айдарлардың оқылым мөлшерін сараптау.

6. Индукция мен дедукция, контент-сараптау әдістері арқылы зерттеу жүргізілді.

Келесі нәтижелер қорғауға шығарылады:

1. БАҚ аймақтық деңгейде қазақ қоғамының өзгеру кезеңіндегі саяси үрдістің субъектісі ретінде (аймақтық деңгейде) саяси басқару мен өңірлердегі ақпараттық процестердің реттелуіне мүмкіндік туғызатын факторлардың бірі болады. БАҚ-тың жағдайы аймақтағы саяси мәдениеттің параметрлерін

анықтайды: атап айтқанда, саясат субъектілерінің ақпараттық тұрғыда қолжетімділік деңгейі жергілікті элиталардың қаншалықты «демократ» екендігінің тікелей дәлелі бола алады. Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары саяси-әлеуметтік институт ретінде қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның өзгеруінде маңызды рөл атқаратын фактор болып табылады. Дегенмен, заманауи аймақтық БАҚ-тың құрылымы жеткілікті дәрежеде тұрақты, ақпараттық стандарттар, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарына саясаттың көзқарасы өңделу үстінде.

2. Қоғам тарапынан түзетулер енгізілмейінше саяси институттар саяси басқару механизмін ұтымды етіп құрастыра алмайды, ал қоғам, өз кезегінде, БАҚ-тың (қоғам пікірінің айнасы ретінде) көмегінсіз саяси үрдістерге түзетулер енгізе алмайды. БАҚ билік пен қоғам арасындағы көпір болуға тиісті.

БАҚ-тың екі негізгі қызметінің арасында белгілі бір қарама-қайшылықтар бар. Олар билік құрылымдарын мен оның жұмыс процестерін ақпараттық қызметпен қамтамасыз етеді. Барлық әлеуметтік таптардың, жалпы алғанда, азаматтық қоғамның алуан түрлі қажеттіліктері мен қызығушылықтарының артикуляциясын қамтамасыз етуге арналған. Ақырында, БАҚ «қос құдайдың құлына» айналып кетті. Дегенмен, оның қоғам қажеттілігіне қызмет ету, яғни, екінші функциясы, әсіресе, жекелеген аймақтарда әзірге артта қалып отыр. БАҚ-тың объективті әрі толыққанды тәуелсіз болуына қаржылай тәуелділік кедергі келтіреді. Біздің пікірімізше, бұл қарама-қайшылық толыққанды азаматтық қоғамның құрылуымен жойылуы тиіс. БАҚ-тың ықпалымен қалыптасатын қоғамдық пікір болмайынша азаматтық қоғам құру мүмкін емес.

3. Аймақ тұрғындарының саяси санасы шектеуге ұшырағандығы дәлелденуде: жергілікті әлеумет сол аймақтағы билік өкілдерінің саяси науқандарын, атап айтқанда, жергілікті элитаның прагматикалық ниеті мен қызығушылықтарын, сонымен қатар, макросаяси құбылыстарды призманың арғы жағынан қабылдауға дағдыланған, сәйкесінше, макросаяси ақпараттарды жергілікті әлеумет белгілі бір дәрежеде адалау (отчуждения) ретінде қабылдайды. Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында «Саяси орталықтар» мен ондағы мәселелер жеткілікті деңгейде жарияланбайды. Халықтың саяси бағытының қысқаруы, олардың аймақтандырылуы, ел тұрғындарын үлкен саясаттан шеттетіп, сонымен қатар БАҚ пен жергілікті халық арасындағы нәтижелі қарым-қатынасты қиындатады.

4. Көп жағдайларда қарастырылып отырған аймақтағы баспасөздің атқаратын рөлі саяси және әлеуметтік құрылымдар арасында диалогтық қатынас құру емес, саяси немесе экономикалық мәселелерді демеушілердің пайдасына қарай түсіндіру болып жатады. Тіпті, БАҚ-тың мемлекеттік және коммерциялық болып бөлінуінің өзі соңғысының толыққанды тәуелсіз екендігінің дәлелі бола алмайды. Ережеге сәйкес, олар кез келген коммерциялық мүдде үшін қызмет етеді және кей өңірлерде мемлекеттік арналармен салыстырғанда көбірек сұранысқа ие. Дегенмен, бұның барлығы сөз бостандығын білдірмейді.

5. Белгілі бір өңірлерде саяси элиталар халыққа БАҚ арқылы әсер ету мақсатында этникалық сұрақтарды белсенді түрде пайдаланады. «Ұлттық» республикадағы этникалық қатынастарда ауқымды демократиялық түрленулерді тежейтін қысымдар әлі де сақталған. Этникалық популизмнің көпұлтты Қазақстан үшін төндіретін қаупін төмендетуге болмайды және автордың ойынша, бұл қауіпмен күресу аймақтық БАҚ-қа артылатын негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Ізденушінің қосқан жеке үлесі: Зерттеу жұмысының негізіне автордың зерттеу материалдары мен жүргізген тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері пайдаланылып, назарға алынды. «Мәдени мұра», «Ұлы даланың жеті қыры», «Рухани жаңғыру» атты ірі жобалар мемлекет тарапынан қабылданды. Бұл аймақтық баспасөздің әлеуеті мен идеялық мазмұнын бұрынғыдан да тереңірек, жаңаша көзқараспен зерттеуге жол ашады.

Ізденуші қол жеткізген нәтижелер қазақ журналистикасының тарихы мен теориясы бағытындағы жаңа зерттеулерге негіз болады. Зерттеудің алынған нәтижелері аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясатын жақсарту мүддесінде қолдануға негізделген. Диссертация материалдарын аймақтағы журналистердің құқықтық, этикалық білімдерін үнемі жетілдіру арқылы олардың осы салада үздік материалдар жазуына бағыт-бағдар беріп отыратын орталықтағы жоғары оқу орындары курстар өткізгенде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелері «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық баспасөздің проблемалары» атты таңдау пәнін университеттердің оқу бағдарламаларына енгізіп, бакалавр мен магистратурада осы курсты оқыту үшін оқу-әдістемелік кешен жасауға көмектеседі.

Халықаралық «Түркістан» газеті, «Әділет» республикалық қоғамдық-саяси басылымы «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары («Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде)» атты диссертациясының нәтижелерін өндіріске енгізіп, ғылыми жұмыстағы кейбір дәйектерді, әртүрлі газеттер туралы материалдарды қазір және алдағы уақытта пайдалуға болатыны туралы өндіріске енгізу актісін берді.

Жарияланымдар.

Зерттеу тақырыбы бойынша 20 жұмыс жарияланған, соның ішінде 2 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 5 мақала ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда (журналистика сериясы, филология ғылымдар сериясы, гуманитарлық ғылымдар сериясы) жарияланған, 5 баяндама халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда талқыланды, соның ішінде 5 мақала шетелдік конференцияда жарияланды. Республикалық конференцияда – 6, республикалық әдеби-қоғамдық журналдарда 2 мақала, жарияланды.